ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

28 ақпан 2025 жылғы №6309-25-00-2/270 іс Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ибраева Н.Е. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің «ЗАЙСАН» көп салалы коммуналдық мемлекеттік шаруашылық жүргізу есебіндегі кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Мерген» - Уксикбаев Даурен Сакенович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің «ЗАЙСАН» көп салалы коммуналдық мемлекеттік шаруашылық жүргізу есебіндегі кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Мерген» - Уксикбаев Даурен Сакеновичке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы -қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Мерген» - Уксикбаев Даурен Сакенович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Мерген» - Уксикбаев Даурен Сакеновичтен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 1830 (бір мың сегіз жүз отыз) теңге, баж салығын 2021 (екі мың жиырма бір) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 28.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025
6309-25-3-1/240

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Ибраева Н. Е., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.04.2025, судья Ибраева Н. Е., 24.04.2025

6309-25-3-1/240